ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

АВИАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДИСТИЛЛЯЦИЯЛАУ ЖАНАРМАЙЛАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЭЛЕКТР ӨТКІЗГІШТІКТІГІН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

МЕТОД ОПРЕДЕЛЕНИЯ УДЕЛЬНОЙ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ПРОВОДИМОСТИ АВИАЦИОННЫХ И ДИСТИЛЛЯТНЫХ ТОПЛИВ

ҚР СТ 2416-2013

ASTM D2624-09 (MOD)

Ресми басылым

Осы стандарт ASTM D2624-09 Standard Test Methods for Electrical Conductivity of Aviation and Distillate Fuels негізделген. Авторлық құқық АСТМ Интернешнл, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Штат Пенсильвания, 19428, АҚШ тиесілі. АСТМ Интернешнл рұқсатымен қайта басылымға шығады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

АВИАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДИСТИЛЛЯЦИЯЛАУ ЖАНАРМАЙЛАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЭЛЕКТР ӨТКІЗГІШТІКТІГІН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

ҚР СТ 2416-2013

ASTM D2624-09 (MOD)

Ресми басылым

Осы стандарт ASTM D2624-09 Standard Test Methods for Electrical Conductivity of Aviation and Distillate Fuels негізделген. Авторлық құқық АСТМ Интернешнл, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Штат Пенсильвания, 19428, АҚШ тиесілі. АСТМ Интернешнл рұқсатымен қайта басылымға шығады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» Акционерлік қоғам **ӘЗІРЛЕДІ**

«Мұнай, газ, олардан қайта жасалған өнімдері, материалдар, мұнай, мұнайхимиялық және газ өнеркәсібіне арналған жабдықтар мен құрылыстар» № 58 стандарттау жөніндегі Техникалық комитеті және «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің Техникалық реттеу және метрология Комитеті Төрағасының 27 қарашадағы 2013 жылғы №548-од Бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт американдық ASTM D2624-09 Standard Test Methods for Electrical Conductivity of Aviation and Distillate Fuels (Авиациялық және дистилденген жанармайдың асқын электр өткізгіштігін анықтау әдісі) қатысты модификацияланған. Авторлық құқық ASTM Интернешнл, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Штат Пенсильвания, 19428, США тиесілі. ASTM Интернешнл рұқсатымен қайта басылымға шығады.

ASTM D3948 стандарт материалдарға, өнімдерге, жүйелер мен қызметтерге арналған стандарттарды әзірлейтін және басылымға шығаратын американдық өз ерікті ұйымының «Мұнай өнімдері және майлайтын материалдар» корреляциялық әдістері бойынша D02.04.0K кіші комитетімен әзірленген.

Ағылшын тілінен аударма - (en).

Американдық стандартының ресми нұсқасында келтірілген жеке фразалар, терминдер мемлекеттік, орыс тілінің және қабылданған терминология ережелерін сақтау мақсатында, сонымен қатар техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін тұрғызудың ерекшеліктерімен байланысты өзгертілген және синоним сөздермен ауыстырылған.

Осы ұлттық стандартты әзірлеуге қолданылған шетел стандарттарының ресми данасы, олардың аудармасы және сілтеме берілген шетел стандарттары Біріңғай мемлекеттік фондының нормативті техникалық құжаттарында бар.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде және стандарттың мәтінінде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Сәйкестік дәрежесі – (MOD) модификацияланған

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2018 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕНДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесіне, ал өзгерістер мәтіні - «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелеріне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

АВИАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДИСТИЛЛЯЦИЯЛАУ ЖАНАРМАЙЛАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЭЛЕКТР ӨТКІЗГІШТІКТІГІН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

Енгізілген күні 2014-04-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт құрамында тұрақтылыққа қарсы шөгуі бар (немесе шөгусіз) авиациялық және дистилденген жанармайларға таратылады және салыстырмалы пСм/м электрлік өткізгіштікті анықтау әдісін орнатады. Электрлік өткізгіштікті анықтауға арналған сынауларды өткізу қалдық жанармайда зарядсыз бөлшектерді қолданған кезде мүмкін болады (қалдық өткізгіштікпен).

Әдіс қолайлы өлшегіш құралдардың көмегімен іріктелген сынамаларда, сонымен қатар тура сыйымды ыдыста салыстырмалы электрлік өткізгіштікті анықтауға арналған.

Сынаудың алдында қалдық электр зарядының азаюы кезінде сәйкес қауіпсіздік шараларын сақтау керек (жанармайдың лайлануын алдын алу үшін).

Осы стандарт қолданылуына байланысты қауіпсіздік талаптарын енгізбейді. Стандарттың тұтынушысы денсаулықты сақтауға арналған сәйкес қауіпсіздік шараларын пайдаланады және қолданудың алдында сәйкес шектеулер орнатады

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ASTM D4306-13 Standard practice for Aviation Fuel Sample Containers for Tests Affected by Trace Contamination (Авиациялық жанармайдың лайлануының барына сынамаларды іріктеу сынаулары бойынша практикалық нұсқау).

ASTM D4308-13 Standard test Method for Electrical Conductivity of Liquid Hydrocarbons by Precision Meter (Дәл есептеуіш арқылы сұйық көмірсутектердің электр өткізгіштігін анықтау әдісі).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған(өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта келесі терминдер мен сәйкес анықтамалары қолданылады.

3.1.1 **Метрге пикосименс** (picosiemens per metre): БЖ жүйесіндегі электр өткізгіштігін өлшеу құралы (ЕИЭ).

$$1\ пСм/м = 1\times10^{-12}\ Ω^{-1}м^{-1} = 1\ \text{ЕИЭ} = 1\ пикомо/м \qquad (1)$$

3.1.2 **Қалдық өткізгіштік** (rest conductivity): Ионды тозаңдану немесе поляризация болмаған кезде жанармайдың зарядталмаған бөлшектерінің эквивалентті салыстырмалы қарсыласуы.

Электродтар арасындағы тұрақты тоқтың мәндері үшін немесе ауыспалы тоқтың орташа мәндері үшін бастапқы кездегі электр өткізгіштігі.

4 Әдіс мәні

Электр кернеуі жанармайға әр екі электрод арқылы өткізіледі; нәтижелі тоқ электр өткізгіштіктің алынған мәні түрінде көрсетіледі. Электр кернеуінде тоқты өлшеу (сынауыш) ионды тозаңданудың әсерінен қателік жібермеу үшін тез арада өткізіледі. Бақылау жүйесіндегі ионды тозаңдануды немесе поляризацияны сынамаларды кюветте ауыстыру (электр өткізгіштігін өлшеуге арналған ұяшық) арқылы немесе ауыспалы тоқтың кернеуінің әсер етуі кезінде жою. Электрод және тоқ өлшеу құралдарының өлшемін таңдау 1 пСм/м асқан электр өткізгіштігін өлшеу үшін жүзеге асырылады.

Осы стандарттың мақсаттары үшін қолданылатын қондырғы жоғары дәрежедегі дәлдікпен 2000 пСм/м бастап электр өткізгіштік диапазонына таралады (12-бөлімді қараңыз); нақты өлшегіш құралдар 500 пСм/м немесе 1000 пСм/м дейінгі мәндерді санайды.

ЕСКЕРТПЕ 1 пСм/м аз электр өткізгіштікті өлшеу қажет болса, мысалы, мұнай өнімдерін немесе көмірсутекті еріткіштерді тазалау кезінде, ASTM D4308 бойынша әдісті қолданған жөн.

5 Қолданылу

Тербеліс пен сүзгіден өткізу кезінде пайда болатын жанармайдың электр зарядын бөлу қабілеті электр өткізгіштігімен реттеледі және ион сұрыпына тәуелді. Электр өткізгіштігінің жоғары мәндерінде зарядтардың жиналуын және қабылдағышта жоғары мүмкіндіктердің пайда болуын болдырмау үшін қажет ететін жылдамдықта заряд екіге бөлінеді.

6 Өлшеу жылдамдығы және көмекші қондырғылар

6.1 Электр өткізгіштікті өлшеуге арналған ұяшық және токты өлшеуге арналған құрал – Көмірсутектердің электр өткізгіштігі су ерітіндісінен төмен болғандықтан, электр кернеуі әсер еткен кезде жылдам реакцияға түсетін қондырғы қажет.

6.2 Далалық жағдайда жанармай температурасын өлшеуге арналған сәйкес диапазоны бар термометр. Термометрді қолданушы су қоймада, теміржол және автомобиль цистерналарында сақталатын жанармай температурасын анықтауға болатындай жабдықталуы керек.

6.3 Өлшеуіш ыдыс – электр өткізгіштігін өлшеу үшін ұяшықтың электродтарын қаптауға арналған жанармайдың қажетті мөлшерін сыйдыра алатын кез келген өлшеуіш ыдыс.

7 Реактивтер мен материалдар

7.1 Еріткіштер – егер таза анализ квалификациясы толуолының құрамында су болса (Назар аударыңыз – жанғыш), изопропильді спиртті қолданған жөн (Назар аударыңыз – жанғыш. Зиянды булану).

7.1.1 Толуол таза анализ квалификациясының изопронол қоспасына (50 %) және таза анализ квалификациясының гептан қоспасына (50 %) ауыстырылуы мүмкін (Назар аударыңыз – жанғыш. Зиянды булану).

8 Сынамаларды іріктеу

8.1 Жанармайдың электр өткізгіштігін өлшеу сынамаларды тасымалдау кезінде кедергілерге ұшырамау үшін өткізу орнында немесе сынамаларды іріктеу кезінде өткізілуі керек. Кезекті сынаулар үшін сынамаларды іріктеу қажеттілігі туған кезде келесі қауіпсіздік шараларын алдын алу.

8.1.1 Егер аспап қосылу тұрған кезде ұяшық пен су өзара әрекеттессе, тазарту қажеттілігі туралы хабарлама келеді. Ұяшық пен су өзара әрекеттескен кезде ұяшықты жуғыш құралдарға арналған ерітіндімен (изопропильді спирт) жақсылап жуады және кептіреді. Жоғары температура мен ылғалдылық кезінде ұяшықта сынама сынауына қате көрсеткіштеріне және калибирлеудің істен шығуына әкеп соғатын конденсат түзілуі мүмкін. Бұндай құбылыстан ұяшықты қоршаған ортаның 2 °С бастап 5 °С жоғары температурада сақтау арқылы құтылуға болады.

8.2 Сынаманың өлшемі максималды және қолдануға жарамды болуы керек (6.3 қараңыз).

8.3 Күн сәулесі және жарықтың басқа да көздері антистатикалық шөгіндіні қосу кезінде жанармайдың электр өткізгіштігіне әсер етуі мүмкін. Шыны контейнерлердегі сынамалар 5 мин. аралығында күн сәулесінің әсер етуінде болса, электр өткізгіштіктен айырылуы мүмкін. Толығырақ ақпарат алу үшін ASTM D4306 қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ Сынамаларды іріктеуге арналған контейнерлердің қалдықтармен лайлануы сынау нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. Сынамаларды іріктеуге арналған ұсынылатын контейнерлерді қолдану үшін ASTM D4306 қараңыз.

8.4 Сынамаларды іріктеуден өткізбес бұрын сынауға арналған контейнерлер, онымен қоса қақпағы да кем дегенде үш рет сыналатын жанармаймен жуылуы керек. Қолданылған контейнерлер ASTM D4306 (6.6) сәйкес жуғыш құралдарға арналған ерітіндімен тазартылып, кептірілуі қажет.

8.5 Электр өткізгіштігін өлшеу сынамаларды іріктеуден кейін 24 сағаттың ішінде өткізілуі керек.

9 Тазалау әдістері

9.1 Егер құрал қосылу тұрған кезде ұяшық пен су өзара әрекеттессе, тазарту қажеттілігі туралы хабарлама келеді. Ұяшық пен су өзара әрекеттескен кезде ұяшықты жуғыш құралдарға арналған ерітіндімен (изопропильді спирт) жақсылап жуады және кептіреді. Өлшегіш құрал ұяшықта конденсат түзілген кезде нөлден басқа мәнді көрсетуі мүмкін (өлшегіш құралды салқын және құрғақ жерден жоғары температуралы, ылғалды жерге көшірген кезде). Бұндай құбылыстан ұяшықты қоршаған ортаның 2 °С бастап 5 °С жоғары температурада сақтау арқылы құтылуға болады.

9.2 Механикалық құралдарды қолдану арқылы сынаманы іріктегіш толуолмен немесе гептан және изопропанмен тазартып, өткен сынауларда сынама іріктегіште қолданылған ионды заттардың қалып қоюын және қате нәтижелерді алып тастау үшін кептірілуі қажет.

10 Калибрлеу

Калибрлеу әдістері қолданылатын қондырғыға тәуелді. Кейбір калибрлеу әдістері А.1 - А.7 келтірілген.

11 Рәсім

11.1 А.1 - А.5 келтірілген қондырғыны калибрлеу әдістері төменде келтірілген үдерістерге міндетті болып табылады. Төменде келтірілген үдерістерді өткізгенге дейін қондырғыны калибирлеудің сәйкес кезеңдерін ұстанған жөн.

11.2 Далалық жағдайларда (резервуар, темір жол және автомобильді цистерналарда) өлшеуді өткізу үшін өлшегіш құралдар өндіруші басшылығына сәйкес қолданылуы керек. Өлшегіш құралдардың қауіпті ықтимал жерлерде қолданылуы шектеулі. Мысалға, EMCEE 1152 және Malik MLA 900 ұзартқыш кабельдермен және ұяшықты резервуарларға түсіруге арналған аспаптармен. Шағын өлшеу аспаптарының жоғары қарсыласу мәні өлшеуді жүргізген кезде ұзартқыш кабелдің иілуінен пайда болған электр өрісіне әсер етеді. Қондырғымен жұмыс істеу кезіндегі және өлшеулерді өткізген кездегі кедергілер 1-кестеге сәйкес қате нәтижелерге әкеп соқтыруы мүмкін.

1-кесте - EMCEE 1150, 1151, 1152 және 1153 модельдерінің дәлдігі

Электр өткізгіштігі, пСм/м	Жинақтылық	Қалпына келушілік
1	1	1
15	6	3
20	7	4
30	9	6
50	13	10
70	15	13
100	19	17
200	29	32
300	37	45
500	51	69
700	62	92
1000	77	125
1500	98	177

[A)] 1-кестедегі дәлдік шектері бөлме температурасына арналған; ең үлкен дәлдік (× 2) минус 20 °С температурада қолданылуы мүмкін.

11.2.1 Өлшеуіш құралдың калибрленуін қолданылып жатқан өлшеуіш құралға қарай А.1, А.2, А.4, А.5 немесе А.7 сәйкес тексеру керек. Өлшеуіш құралды су қоймасына қосып, электр өткізгіштігін өлшеуге арналған ұяшықты сумен әрекеттесуіне және толық түсуіне жол бермей қажет деңгейге дейін түсіру керек. Электр өткізгіштікті өлшеуге арналған ұяшықты жанармайдың өткен қолданудан кейінгі қалдықтарын жою үшін жоғары-төмен бағытта орнын ауыстыру керек. (Назар аударыңыз – Зарядты қосып-сөндірген кезде зарядталған бөлшектері бар жанармай мен резервуарға енгізілген сынама іріктегіштің арасында статикалық зарядты алдын алу үшін сәйкес қауіпсіздік шаралары сақталуы қажет. Резервуар толтырылған кезде оператор сынама іріктегішті енгізуге арналған қондырғыны орнатқанға дейін 30 минуттық интервал рұқсат етіледі. Бұндай әрекет жанармайды электрлік қалдық ретінде қаптамасыз етеді.

11.2.2 Тазалаудан кейін ұяшықты тұрақты күйде сақтап тұру және аспапты жүктегеннен кейін бастапқы тұрақтандырудан кейін ең үлкен көрсеткішті жазып алу керек (3 с ішінде). Межелік шегі бірден жоғары аспапта электр өткізгіштіктің анықталатын мәндеріне ең үлкен қабілеттікті көрсететін межелікті таңдау керек. Межеліктің көбейткіш масштабының дұрыстығына көз жеткізген жөн (немесе межелік шегі). Жанармайдың температурасын жазып алу керек.

11.3 Өлшеулерді далалық және зертханалық жағдайда өткізу.

11.3.1 Контейнерлерді даярлау (металл немесе шыны) – Іріктеуден бұрын контейнерлер мен өлшегіш құралдардың таза екеніне көз жеткізу керек. Сынамаларды іріктеуге арналған контейнерлер далалық күйге тасымалданбас бұрын зертханалық жағдайда тазартылуына кеңес беріледі. (8-бөлімді қараңыз).

11.3.2 Өлшеулерді өткізу – электр өткізгіштікті өлшеу мақсатында өткен сынаулардан қалған ұяшықтағы қалдық жанармайларды жою үшін ұяшықты сыналатын жанармаймен жақсылап жуу керек. Қондырғының нақты түріне қолданылатын үдерістерді пайдалана отырып, жанармайды өлшегіш ыдысқа көшіру және жанармай электр өткізгіштігінің мәнін жазып алу керек. Өлшеуіш құралдың калибрленуін қолданылып жатқан өлшеуіш құралға қарай А.1, А.2, А.5 немесе А.7 сәйкес тексеру керек. 11.2.2 және А Қосымшасына сәйкес электр өткізгіштікті өлшеу үшін ұяшықты сыналатын жанармайға түсіру керек. Жанармай температурасын жазып алу керек.

ЕСКЕРТПЕ Қате нәтижелерден сақтану үшін өлшеуге арналған ұяшықтың түбі сынауға арналған контейнерлермен өзара әрекеттеспейтініне көз жеткізу керек. Бұл әрекет аспап материалына қарамай барлық контейнерлерге қолданылады.

12 Есеп беру

Жанармай электр өткізгіштігінің көрсеткіштерін және жанармай температурасын жазып алу керек. Егер өлшегіш аспапта нөлдік мән көрсетілсе, есеп беру 1 пСм/м төмен құрылады.

ЕСКЕРТПЕ Жанармайдың электр өткізгіштігі температура мәніне сәйкес өзгертіледі; бұл қатынас авиациялық және дистилденген жанармайлардың әртүрлі түрлеріне ерекше. Электр өткізгіштіктің белгілі температураға дейін көрсеткіштерін түзету қажет болғанда оператор жанармай мен температураның қажетті деңгейіне берілген қатынасты орнатуы керек.

13 Дәлдік пен ауытқу

13.1 Сынауларды өткізудің ортақ жерінде оператор-аспап арқылы алынған сынау нәтижелерінің статистикалық сынаулары анықтағандай осы әдістің дәлдігі келесіге негізделген. 1-кесте арқылы алынған дәлдік бойынша мәліметтер бензин мен еріткіштерді қоспайды. 1-кестеде көрсетілген дәлдік бойынша мәліметтер қолдануды ықшамдау үшін 1-суретте көрсетілген.



Белгілеулер мен түсіндірулер:
R- Қайда іске қосу;
r - Ұқсастық.

1 сурет - 1-кесте бойынша дәлдік графигі

ЕСКЕРТПЕ Барлық ауыспалы өлшеу аспаптардың дамуы үшін дәлдікті анықтайтын бағдарлама қаралады.

13.1.1 Ұқсастық

Сынауды дұрыс өткізген кезде бірдей температурада ұқсас материалмен орташа жағдайда дәл сол қондырғымен және дәл сол оператормен алынған электр өткізгіштігінің екі ретті өлшенген мәндерінің арасындағы айырмашылығы 1-кестеге сәйкес жиырма жағдайдың тек біреуінде ғана мәндерден асуы мүмкін.

13.1.2 Қайта іске қосу

Сынауды дұрыс өткізген кезде бірдей температурада ұқсас материалмен бір жерде жұмыс істейтін (13.2), әр түрлі операторлармен алынған электр өткізгіштігінің жалғыз және тәуелсіз өлшеулері арасындағы айырмашылығы 1-кестеге сәйкес жиырма жағдайдың тек біреуінде ғана мәндерден асуы мүмкін.

13.2 Егер қайта іске қосу мәндері 1-кестеде келтірілген мәндермен бірдей болса, қалпына келушіліктің сәйкес мәндері тасымалдау мен сақтау кезінде сынамалардың электр өткізгіштігінде өзгертулердің әсерінен алынбағанын көруге болады. Сынамаларды тасымалдаудың әсерінен электр өткізгіштігінің қате мәндері пайда болған кезде келтірілген үдерістерге сәйкес электр өткізгіштігін өлшеуге арналған жанармайды сақтайтын су қоймасында немесе жаңа сынамада өлшеуді өткізуге кеңес беріледі. Бұндай әрекет әр жақ үшін (жеткізу кезінде) сынаулардың ұқсастығын қамтамасыз етеді, сынаулар дәлдігі 1-кестеде келтірілген.

13.3 Maihak MLA 900 Emcee 1153 моделі сынама температурасының өлшемін өткізе алады. Maihak MLA 900 дәлдігі 2-кестеде келтірілген. D- 2 Inc. JF -1A- HH моделінің дәлдігі 3-кестеде келтірілген.

13.4 Кемшілік – электр өткізгіштігінің мәндеріне кемшілікті анықтауға арналған үдеріс болмағандықтан, кемшілік анықталмайды.

2-кесте - Maihak MLA 900 өлшеу құралының дәлдігі [A)]

Электр өткізгіштігі, пСм/м	Ұқсастық	Қайта іске қосу
1	0	0
15	2	2
20	2	2
30	3	3
50	5	5
70	7	7
100	9	9
200	17	16
300	23	22
500	36	34
700	47	46
1000	64	61
1500	89	86

[A)] 2-кестедегі дәлдік шектерін бөлме температурасында қолдануға болады; ең үлкен дәлдік (× 2) минус 20 °С температурада қолданылуы мүмкін.

3-кесте - D-2 Incorporated JF -1A- НН өлшеу құралының дәлдігі [A)]

Электр өткізгіштігі, пСм/м	Ұқсастық	Қайта іске қосу
1	1	1
15	6	6
20	7	7
30	8	8
50	10	10
70	12	12
100	15	15
200	21	21
300	26	26
500	33	33
700	39	39
1000	47	37
1500	57	57

[A)] 2-кестедегі дәлдік шектерін бөлме температурасында қолдануға болады; ең үлкен дәлдік (× 2) минус 20 °С температурада қолданылуы мүмкін.

А қосымшасы
(міндетті)

А.1 Maihak өлшеу аспабының калибрленуі (ұқсас түрі)

А.1.1 Электр өткізгіштікті өлшеуге арналған калибрлеуді өткізбес бұрын, ұяшық таза әрі құрғақ болуы керек.

А.1.2 Maihak өлшеу аспабының әр түрлі сипаттағы 4 моделі бар.

А.1-кесте –Maihak өлшеу аспабының моделдері

Серия	Өлшеу аспабының нөмірі
1	от 64001 до 64068, 64070
2	64069, от 64071 до 64171
3	Код 2-
4	Код 3-

2 және 3 сериялары өндіруші жеткізетін компоненттермен; құрылғы нөмірлерінде «М» индексімен модификацияланууы керек.

А.1.3 Калибрлеуді тексеру– калибрлеу көрсеткіштерін тексеру үшін корпустағы калибрлік кедергіге қарсы бастапқы қалыптағы ұяшықтың электр өткізгіштігі жасыл түсті READ (ЕСЕПТЕУ) жазуы бар тетікті басу керек. Өлшеу аспабының көрсеткіштері 465 пСм/м ± 10 пСм/м болуы керек. Растау үшін екі рет қызыл тетікті басып, жоғарыда көрсетілгендей READ жасыл тетігін басу керек. Өлшеу аспабы 232 пСм/м ± 10 пСм/м санауы керек.

А.1.3.1 Нөлге тексеру үшін электр өткізгіштікті өлшеуге арналған ұяшықты калибрлік кедергімен байланысын алдын алу үшін корпусты сәл көтеру (қарсылау орауышымен) керек . READ жасыл тетігін басу керек. Қызыл тетікті 2 рет басқан кезде қайталау керек. 3 және 4 сериялары үшін сынамада нөлге икемдеу керек. 1 және 2 сериялары үшін сынамада 10 пСм/м бастап 30 пСм/м дейін мәндері болуы керек. Берілген мән электр өткізгіштігінің өлшенген көрсеткіштерінен есептеп шығарылуы керек. Көрсеткіштер орнатылған шектеулерінің шегінде сәйкес келмесе, қондырғының техникалық қызмет көрсетуін өткізу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Егер метр көрсеткіші өлшеу өткізу кезінде тербелсе, батареяларды ауыстырады.

А.1.4 Өлшеу құралының анықтамасы – электр өткізгіштігін өлшеуге арналған ұяшықты сыналатын жанармайға толық түсіріп, ұстап тұру, кейін READ жасыл тетігін басып, инерттіліктің әсерінен алынған өлшеу құралының тілшесінің межелеуінен кейін бастапқы қалыпқа ұштықты орнатқаннан кейін ең үлкен көрсеткішті жазып алу керек. Бастапқы

қалыпқа орнату 20 пСм/м үлкен болмауы керек және ең аз дегенде 1 с жүруі керек. 500 пСм/м бастап 1000 пСм/м дейінгі электр өткізгіштік үшін қызыл тетікті 2 рет басып, сол күйде READ тетігін басқанша дейін ұстаған жөн. Алынған межелікті электр өткізгіштігінің дұрыс мәнін алу үшін 2-ге көбейту керек. (Берілген әдіс тура санау бойынша тексеру үшін мәні 500 пСм/м аз электр өткізгіштігіне қолдануға болады).

ЕСКЕРТПЕ Бұған дейінгі сериялар қоршаған орта температурасы экстремальдік төмен болғанда жұмыс істемейді. Егер экспозиция (төзімділігі) 30 минуттан аспайтын болса, 3 және 4 сериялары 29 °С температурада дұрыс жұмыс істейді.

А.2 Емсее1152 (цифрлі түр) моделінің электр өткізгіштігін өлшеуге арналған аспапты калибрлеу

А.2.1 Емсее моделінің электр өткізгіштігін өлшеу үшін сынама алғыш аспаптың біріктіргішіне қосу және сынама алғышпен жанармай сынамасынан шығарылған MEASURE (немесе М) (ӨЛШЕУ) тетігін басу керек. Нөлге баптау 0 ± 001 дейінгі дәлдікпен болуы керек (3 с ішінде).

А.2.2 Егер өлшеу аспапты осы стандарттың талаптарына сәйкес келмесе, сынама алғышты шығарып, MEASURE тетігін басу керек. Егер өлшеу құралы осы стандарттың талаптарына біріктірілген сынама алғышсыз сәйкес келсе, сынама алғыш изопропильді спиртпен тазаланып, қайта сынауға дейін кептірілуі керек. Егер изопропильді спирт осы стандарттың талаптарына біріктірілген сынама алғышсыз сәйкес келмесе, реттеуді А.2.4 сәйкес орындаған жөн.

А.2.3 Сынама алғышта көрсетілген калибрлеу көрсеткіштерін жазып алу керек. Сынама алғышпен жанармай сынамасынан шығарылған CALIBRATION (Калибрлеу) тетігін басу керек. Есептеу бірнеше рет жүргізілуі керек; сынама алғышта көрінетін нөмір ± 005 (3 с кейін). Мысалы, сынама алғыш нөмірі 40-қа тең, өлшеу құралының көрсеткіші 400 ± 005 (395 - 405) тең болуы керек. Басқаша жағдайда А.2.5 көшу керек.

А.2.4 Нөлге баптау сынама алғышсыз MEASURE тетігін басу арқылы жүзеге асырылады. Құрал-жабдықты (бұрағышты) ZERO (НӨЛ) саңылауына енгізу және мониторда 000 ± 001 көрсеткіші пайда болғанға дейін баптауды жүргізу.

А.2.5 Калибрлеу сынама алғышсыз CALIBRATION (КАЛИБРлеу) тетігін басу арқылы жүзеге асырылады. Құрал-жабдықты (бұрағышты) CALIBRATE (КАЛИБРЛЕУ) саңылауына енгізу және сынамалағышта көрсетілген ± 002 дейін көрсеткіштің баптауын жүргізу. Өлшеу құралын саңылау жабық болғанда ZERO және CALIBRATE саңылауларының арасында реттеудің қажеті жоқ.

А.3 1150 модель электр өткізгіштігінің мониторын калибрлеу (сызықты түр)

А.3.1 Калибрлеудің алдында электр өткізгіштігін өлшеу үшін орнатылған ұяшықты жуып, жанармай ағысын қажет деңгейге дейін реттеу керек.

А.3.2 Калибрлеудің алдында қуатты ON (ҚОСУ) тетігімен қосып, өлшеу аспабын нөлге баптау керек. CALIBRATE тетігін басу керек. Өлшеу аспабының тетігін басып, мәліметтерді санау керек. Өлшеу құралы үш межеліктің әр қайсысында 100 пСм/м көрсетуі керек. Егер құрал берілген мәнді көрсетпесе, жоғарыда көрсетілгендей реттеу керек. LOW ALARM (ДАБЫЛДЫҢ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙІ) тетігін басып, сигнал беру дыбыс деңгейін реттеу керек. Дабылдың жоғарғы шегі де осы функциялармен жарақталған аспаптарда реттеле алады. OPERATE (ЖҮКТЕУ) тетігіне ауыстыру және қайта жүктеу (түсті сигнал өшеді) керек. Жазу аспабында (регистрде) жанармайдың электр өткізгіштігі анықталады. Егер электр өткізгіштігін төмендеткен кезде (немесе жоғарылатқанда) толтыру сұлбасында жаңылу болса, сигнал беру жеделдетіледі.

А.4 MaihakMLA 900 электр өткізгіштігін өлшеу үшін құралды калибрлеу

А.4.1 MLA 900 төрт компоненттен тұрады: техника қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келуі тиіс (жиналған күйдегі құралдарда) сынама алғыш, көрсету құрылғысы (монитор), жерге тұйықтау мен кабельдер жүйесі.

Сынама алғыш кабельдері 2 м және 10 м болуы мүмкін. Көрсету құрылғысы мен сынама алғыш оңтайлы өнімділікке жетуі үшін әрекеттес компоненттер болып табылады және бірдей сериялық нөмірге ие.

А.4.2 Кабельдер, жерге тұйықтау қысымы мен жерге тұйықталатын, тіркейтін біріктіргіш өрттен қауіпсіз жерде сынауларды өткізбес бұрын бекітілуі керек. Сынама алғыштың тазалығына және құрғақтығына, сонымен қатар сыртқы цилиндрдің бекітілгеніне көз жеткізген жөн. Басқаша жағдайда тазалауды 9-бөлімге сәйкес жүргізу керек.

А.4.3 Өлшеу құралы көрсету құрылғысының қайырмалы бетін ашу арқылы қосады. Сынама алғышты ауада ұстап тұрып, қорғағыш қақпақты ашу керек. Электр өткізгіштіктің мәндері минус 2 пСм/м бастап плюс 2 пСм/м дейін болуы керек. Егер 2 пСм/м астам мәндер көрсетілсе, сынама алғышты жуып, өлшеуді қайта өткізу керек. Егер минус 2 пСм/м аз мәндер көрсетілсе, батареяны тексерген жөн – мониторда BAT (БАТАРЕЯ) хабарламасы шығады.

А.4.4 МАІНАК жазуы бар сынама алғыш бетін көрсету аспабындағы қызыл дискіге барынша жақын ұстап тұру керек. Осы әрекетті орындау кезінде 1000 пСм/м ± 10 пСм/м көрінуі керек.

А.4.5 Егер өлшеу аспабы сәйкес үдерістерден кейін калибрлеудің тексерісін орындамаса, өлшеу аспабын қайта калибрлеу үшін өндірушіге қайтарып берген жөн.

А.5 ЕМСЕЕ 1153 моделінің электр өткізгіштігін өлшеуге арналған аспаптың калибрленуі (цифрлі түр)

А.5.1 Нөлге тексеру

А.5.1.1 Сынамадан алынған сынама алғышпен сынау кезінде бір рет қысым реттегішін басып, ЕМСЕЕ пайда болғанға дейін қайталау керек.

А.5.1.2 Көрсету құрылғысында сынау процесін айналдыру арқылы қарауға болады, ол кезде электр өткізгіштігінің мәндері нөлге теңеледі. Мониторда қоршаған орта температурасы көрсетіледі.

А.5.1.2.1 Егер нөлде басқа сан көрсетілсе, сынама алғыш ластанған болуы мүмкін, тазалық өткізу қажет (9-бөлімді қараңыз).

А.5.2 Диапазонның арттыруына тексеріс – Электр өткізгіштік мәндері 2000 пСм/м жоғары болғанда.

А.5.2.1 Сынамадан алынған сынама алғышпен сынаулар жүргізген кезде бір рет қысым реттегішін басып, ЕМСЕЕ жанғанға дейін қайталау керек.

А.5.2.2 Егер қызыл жарық шығаратын диот жыпылықтауын тоқтатып қайта жанса, сынама алғыштың ішкі өткізгішінен сыртқы өткізгішіне дейінгі арақашықтықты өлшеу керек. Екі өткізгіштің арақашықтығын өлшеген кезде бас және сұқ саусақпен сынама алғыштың жоғарғы шетін ұстап тұру оператор үшін жеткілікті, әрі қауіпсіз болып табылады.

А.5.2.2.1 Сынауды өткізгеннен кейін және диоттың жылтылдауы аяқталғаннан кейін дисплейді айналдыру арқылы қарауға болады және электр өткізгіштігінің сандық мәнінің орнына мониторда OVER (АЯҚТАУ) көрінуі керек; мәннің диапазоннан асып кеткенін және өлшеу аспабы дұрыс жұмыс істейтінін білдіреді.

А.6. D-2 Incorporated JF-1A моделі (сызықты түр)

А.6.1 Сынауды өткізбес бұрын бергішті сараптамаға арналған таза изопропильді спиртпен тазалап, сығымдалған ауамен кептіру. Берілген үдеріс бергіштегі барлық жанармай қалдықтарынан толықтай тазартылғанға дейін өткізіледі. Егер көрсетулер кезінде нөлге ± 2 пСм/м артық болса, немесе өлшеу құралының түзелмейтіні туралы болжамдар анықталса, келесі үдерістерді өткізген жөн.

ЕСКЕРТПЕ Изопропильді спирт үлкен электр өткізгіштікке ие, сондықтан бергіштер ішіндегі екі электрод арасындағы кез-келген қалдықтар аспаптың мезгілінен бұрын істен шығуына әкеліп соғуы мүмкін. Изопропилды спиртті жуу үшін «реактив» тобындағы толуолды жуғаннан кейін қолданып, ауамен кептіре алады. Сығымдалған құрғақ ауамен үрлеп тазартқаннан кейін, қалдықтың болмауы толуолды қолдану қажеттілігін жояды.

А.6.2 Қуат бергіші (power sensor) – Кабель арқылы қуат бергішті сәйкес электр қуат көзіне, ал біріктіргішті COM 1 компьютеріне қосу керек. JFWIN бағдарламасын жүргізу және жүктеу (өндіруші басшылығын қарау) керек.

А.6.3 Нөл баптауына арналған бергіш (set sensor zero) – Төмен мәндерді JFWIN бағдарламасымен санау кезінде (5 пСм/м-ден аз) пайдаланушы бергіш жиілігін анықтайды. Нөлге баптауға дайын болған кезде JFWIN мәзірінде ZERO CALIBRATION (НӨЛДІҢ КАЛИБРЛЕНУІ) тетігін басу керек. Бағдарлама мәліметтерді көрсетіп, соңында аяқталады. Көрсету құрылғысындағы мәндер 2 пСм/м аз болмауы керек. Соңында ZERO OK (НӨЛГЕ БАПТАУ ОЙДАҒЫДАЙ АЯҚТАЛДЫ) жасыл тетігі жанады.

А.6.4 Межелік бергіші (set sensor scale) - Өлшеу толық диапазонда болғанда жанармайды (шөгіндімен) бергішке орналастырады. Сынау өткізілетін диапазоннан үлкен мәндерді қолдануға кеңес береді. Егер оператор 0 пСм/м бастап 500 пСм/м дейінгі диапазонда электр өткізгіштікті өлшесе, бергішті калибрлеуге арналған ұсынылатын диапазон 750 пСм/м бастап 1000 пСм/м дейін болады. Берілген әрекет қателікті азайтады. Сынауды өткізуді EMCEE механикалық өлшеу құралы көмегімен немесе басқа ASTM D2426 бойынша әдіспен өткізуге болады. JFWIN мәзірінде SCALE CALIBRATE (МЕЖЕЛІКТІ КАЛИБРЛЕУ) тетігін басу және сынаманы енгізу (қажет болғанда) керек. Бағдарлама кезеңін аяқтау кезінде SCALE COMPLETE LIGHT (МАСШТАБТАУДЫ АЯҚТАУ) тетігі жанады және көрсеткіштер бағдарламаға бұрын енгізілген мәндерге сәйкес келуі керек.

А.7 D-2 Incorporated JF-1A-HH моделінің электр өткізгіштігін өлшеуге арналған құралды калибрлеу

А.7.1 Сынауды өткізбес бұрын бергішті сараптамаға арналған таза изопропильді спиртпен тазалап, сығымдалған ауамен кептіру керек. Берілген үдеріс бергіштегі барлық жанармай қалдықтарынан толықтай тазартылғанға дейін өткізіледі. Егер көрсетулер кезінде нөлге ± 2 пСм/м артық болса, немесе өлшеу аспабының түзелмейтіні туралы болжамдар (оператормен) анықталса, келесі үдерістерді өткізген жөн.

А.7.1.1 Изопропильді спирт қалдықтарынан тазарту үшін бергішті «реактив» тобындағы толуолмен жуып, кептіру керек.

ЕСКЕРТПЕ Изопропильді спирт үлкен электр өткізгіштікке ие, сондықтан бергіштер ішіндегі екі электрод арасындағы кез-келген қалдықтар аспаптың мезгілінен бұрын істен шығуына әкеліп соғуы мүмкін. Изопропильді спиртті жуу үшін «реактив» тобындағы толуолды жуғаннан кейін қолданып, ауамен кептіре алады. Сығымдалған құрғақ ауамен үрлеп тазартқаннан кейін, қалдықтың болмауы толуолды қолдану қажеттілігін жояды.

А.7.2 Өлшеу құралы SAMPLE (СЫНАМА) тетігін басу арқылы іске қосылады. Бөлме температурасында тазаланған өлшеу құралында электр өткізгіштік мәндері минус 0,05 пСм/м бастап плюс 1 пСм/м дейін болуы керек. Егер 1 пСм/м көп мәндер көрінсе, сынама алғышты тазалап, өлшеуді қайта өткізу керек.

А.7.3 Егер өлшеу құралы сәйкес рәсімдерден кейін калибрлеудің тексерісін орындамаса, өлшеу құралын қайта калибрлеу үшін өндірушіге қайтарып берген жөн.

А.7.4 JF-1A-HH күнді көрсететін функцияға ие. Зауыттық калибрлеуді өткізгеннен кейінгі бір жылдан соң оператор қайта калибрлеуді өткізу керектігі туралы хабардар болуы тиіс. Пайдаланушыға аспапты қолдануды жалғастыра беруге болады, алайда аспапты қайта калибрлеу үшін өндірушіге қайтарып берген жөн.

Е қосымшасы
(ақпараттық)

Е.1 кесте – Модификацияланған ұлттық стандарттың техникалық ауытқу тізімі

Тарау, бөлім, пункт, тармақ, кесте, ескертпе	Модификация
14-27 тарау	Жою*
«Х Қосымшасы»	Жойылды**

*Осы тараулар АҚШ аумағында бір өндірушімен шығарылатын тек белгіленген құрал-жабдыққа қатысты.

**Осы қосымшалар ақпараттық болып табылады және 1987 жылы АҚШ аумағында өткізілетін RR:D02-1235 сынау хаттамасына қатысты болады.

ӘОЖ 665.7:665.733:543:628 **МСЖ 75.160.20**

Түйін сөздер: авиациялық жанармай; электрлік өткізгіштікті өлшеуге арналған аспап; электрлік өткізгіштіктің өлшем бірлігі; дистилденген жанармай; электрлік өткізгіштік; ағымдық; пикосименстің метрге қатынасы; қалдық электрлік өткізгіштігі; антистатикалық орнықтыру, статикалық электр

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МЕТОД ОПРЕДЕЛЕНИЯ УДЕЛЬНОЙ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ПРОВОДИМОСТИ АВИАЦИОННЫХ И ДИСТИЛЛЯТНЫХ ТОПЛИВ

СТ РК 2416-2013

(ASTM D2624-09, MOD)

Издание официальное

Данный национальный стандарт основан на ASTM D2624-09 Standard Test Methods for Electrical Conductivity of Aviation and Distillate Fuels, авторское право принадлежит АСТМ Интернешнл, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Штат Пенсильвания, 19428, США. Переиздается с разрешением АСТМ Интернешнл

Комитет технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН Акционерным обществом «Информационно-аналитический центр нефти и газа»

ВНЕСЕН Техническим комитетом по стандартизации № 58 «Нефть, газ, продукты их переработки, материалы, оборудование и сооружения для нефтяной, нефтехимической и газовой промышленности» и Республиканским Государственным Предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан № 548-од от 27 ноября 2013 г.

3 Настоящий стандарт модифицирован по отношению к американскому стандарту ASTM D2624-09 Standard Test Methods for Electrical Conductivity of Aviation and Distillate Fuels (Метод определения удельной электрической проводимости авиационных и дистиллятных топлив), авторское право принадлежит АСТМ Интернешнл, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Штат Пенсильвания, 19428, США. Переиздается с разрешением АСТМ Интернешнл.

Стандарт ASTM D2624 разработан Подкомитетом D02.04.0K по корреляционным методам "Нефтепродукты и смазочные материалы" американской добровольной организации, разрабатывающей и издающей стандарты для материалов, продуктов, систем и услуг.

Перевод с английского языка (en).

Отдельные фразы, термины, приведенные в официальной версии Американского национального стандарта, изменены или заменены словами синонимами в целях соблюдения норм государственного и русского языков и принятой терминологии, а также в связи с особенностями построения государственной системы технического регулирования.

Официальные экземпляры зарубежного стандарта, которые использовались для подготовки настоящего национального стандарта, их перевод и других зарубежных стандартов, на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов.

В разделе «Нормативные ссылки» и тексте стандарта ссылочные международные стандарты актуализированы.

Степень соответствия – модифицированная (MOD).

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2018 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

